ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 21 қыркүйек №4360-23-00-2/2072 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Е.Елшібеков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ӘБДІҚАЛЫҚ» атауымен әрекет етуші Олжас Болатұлы Әбдіқалық

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер «ӘБДІҚАЛЫҚ» атауымен әрекет етуші Олжас Болатұлы Әбдіқалықты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ӘБДІҚАЛЫҚ» атауымен әрекет етуші Олжас Болатұлы Әбдіқалық мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «ӘБДІҚАЛЫҚ» атауымен әрекет етуші Олжас Болатұлы Әбдіқалықтан «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына 87 549 (сексен жеті мың бес жүз қырық тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және мемлекеттік бажға төлеген сот шығысы 2 626 (екі мың алты жүз жиырма алты) теңге, барлығы 90 175 (тоқсан мың бір жүз жетпіс бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ӘБДІҚАЛЫҚ» атауымен әрекет етуші Олжас Болатұлы Әбдіқалықтан мемлекет кірісіне сот шығысы мемлекеттік баж сомасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 26.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 21.11.2023, судья Елшібеков Б. Е., 03.11.2023

4360-23-3-1/2228